

Келісемін: *Н.З.*
№35 «Шұғыла» бәбекжайының
әдіскері: Калдышева Н.З.



Бекітімін:
№35 «Шұғыла» бәбекжайының
мендеруи м.а. Жаденова Ж.Ж

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы негізінде
2023-2024 оку жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«Еркемай» кіші топ**

Тәрбиешілер: Машанова Б.Е
Гумарова А.А

**«Еркемай» кіші тобының 2023 – 2024 оку жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №35 «Шұғыла» бебекжайы

Топ: Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2023-2024 оку жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды қеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жакқа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып)</p> <p>Негізгі қимылдар: педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру Бір орында тұрып екі аяқтан секіру Кедергілі жазықтың бетімен, еніс тақтайдағы үстімен еңбектеу Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанага (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату Жиектері шектелген тұра жолақпен (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Киіміндегі ұқыпсыз әкты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол әрамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі гәртіппен киуге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа үйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.</p> <p>Жендерін өз бетімен тұру, жуынду кезінде киімді суламау, жуынду кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.</p> <p>Үстел басында қарапайым мінезд-құлық дағдыларын қалыптастыру: наңды үтігпеу, тамақты ауызды жауыш шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындауды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындаі алады.</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p>

	<p>велосипед тебу. Уш дәңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеуді дамыту.</p> <p>айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажыратада білуді</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуда, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауда үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық күрылымы.</p> <p>Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегендеге заттарды сипаттауда үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) кұрауда үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте курделі (Нени ұстады? Нени әкеледі?) сұраптарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпактар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>ертеңі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді;</p> <p>кейіпкерлермен тақпактардың мазмұнын, ырғакты ойындарды қайталауды эмоциалы қабылдауды;</p> <p>ересектердің тақпактарды, өлеңдерді, әңгімелерді окуына, кітаптарды көрсету, ертеңілерді әңгімелуеүіне тұрақты қызығушылық танытууды қалыптастыру</p>
Сенсорика	<p>заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;</p> <p>көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;</p>
Құрастыру	<p>құрылымынан және ірі конструктор болшектерінен құрастыруға үйрету;</p> <p>әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылымынан материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауда тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяктары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен</p>

	жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сактау
Сурет салу	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік кабылдауларын дамыту; түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және түйікталған дөңгелек сыйықтарды жүргізуі, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жанбыр, қар, жол, тұғін), парақ бетінде бейнені орналастыру;
Мүсіндеу	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне коюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.
Музыка	Музыка тындау: музыка тындауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көнілді әндер тындау ережесін сактауды қалыптастыру; Ән айту: ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке бұындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктеі отырып ересекпен қосылып ән айтуға талпындыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасай алуға, пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ғуыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу) үйрету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Казан	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> - жалпы дамытушы жаттыгуларды қолдану арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту: ұлттық ойындар, саусақ ойындары, қимылды ойындар, жалпы шынықтыру процедуралары; - негізгі қимыл түрлерін дамыту; - саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру. - педагогтің артынан жүру, жүптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, <p>қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге аудису, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жілке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жілтен немесе таяқтан аттап өту;</p> - бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін), шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісніше аудису. <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</p> - Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бегінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. -Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киуге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көрге және оған өз көмегін ұсынуды үйрету. - Жендерін өз бетімен тұру, жуынушын кезінде киімді суламау, жуынушын кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. - Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: наңды үгітпеу, тамақты аудызды жауып шайнау, аудызды толтырып сейлемеу. - Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. - Жуынушты туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпактарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінгіле қайталау. <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) балаларды серуен кезінде ультракултігін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; 2) сумен шынықтыруда ұсақ тастары бар ванна

	<p>колданылады. Су температуры + 30°C градусстан +18°C, +16°C -ка дейін әр үш күн сайын 2 градусқа төмендетіліп отырады.</p> <p>Дербес қымыл белсенділігі.</p> <p>Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қымылдарды орындауды, қымыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қымылдарды өздігінен орындауды алады.</p> <p>Спортық жаттығулар:</p> <ol style="list-style-type: none"> шанамен сырғанау. Ересектердің баланы сырғанатуы; шанаға отыргызып, төбешіктен сырғанату, шананы жіппен сүрету, баланың ойыншығын шанамен сырғанатуы; велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отыргызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өз бетімен рөлді басқару; мұз жолдармен сырғанау: ересектер балалардың қолынан жетелеп сырғанатуы.
Сейлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сейлеуін қалыптастыру; - халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу; - пассивті және белсенді сөздік қорын байыту; - балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сейлеуін дамыту. - айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажыратып білуді;
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға; - тақпақтардың интонациясын қабылдауды;
Сенсорика	<ul style="list-style-type: none"> - заттар мен күралдарды колдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; - көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;
Коршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> - тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы блімдерін көнектіту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қимқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атаяй білуге үйрету. Көгөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру;
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> - құрылыш материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруды үйрету; - әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыш материалдары;

	<p>- материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);</p>
Сурет салу	1) балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту;
Мүсіндеу	1) балалардың сазбалышық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;
Жапсыру	- фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Әннің мағынасын түсінуге үйрету, қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратуға үйрету</p> <p>Ән айту: Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ыргағына еліктеу, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру;</p> <p>Музыкалық-ыргақтық қимылдар: Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, кол ұстасып, жүптасып, шенбермен жүру қарапайым би қимылдары: кол шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелеге үйрету;</p>

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Караша	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттыгулар. Негізгі кимыл түрлерін жетілдіру: жұру, жүгіру, өрмелу, лактыру, секіру, тепе-тендік сақтау.</p> <p>Негізгі кимылдар: Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңғынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топтен жүгіру; бағытты езгерту, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше аудысу. Еңбектеу, өрмелу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайын бойымен, дөғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқаның астынан нысанана дейн төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.</p> <p>Кимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге кимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым кимылды ойындар ойнауга ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі кимылдарды (жұру, жүгіру, лактыру, домалату) жетілдіру.</p> <p>Кимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге кимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым кимылды ойындар ойнауга ынталандыру. Кимылдарды үйлесімді орындауға, кейір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (коян сияқты секіру; аю сияқты қорбандау жұру).</p>
	Сейлеуді дамыту	Сейлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу, сөздерді және қарапайым сез тіркестерін (2-4 сез) дұрыс қайталап айтуда үйрету. Сейлеуда қарқының, сөздер мен сез тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту.
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды ертегілер авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
	Құрастыру	Қарапайым құрылышты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, құрылыш масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиги материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауга мүмкіндік беру.(Көп қабатты

	үйлер, қуыршаққа арналған жол, үлкен кіші қақпаларап т, б)
Коршаған ортамен таныстыру	Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Коршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанак, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.
Сурет салу	Бейнелерді парап бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды дөңгелек және толқын тәрізді сыйықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу тәсілдерін менгеру. Бояуларды ырғакты жағу дағдысын қалыптастыру. (күзгі ағаш, өзен, көкөністер, сабын көпіршігі, т:б)
Мұсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мұсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесеңі, тостағанды, табақты мұсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, терендету, кесектерді біріктіру заттардың үқсастықтарын табуға үйрету.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, ұқтеу), жапсыру тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды орналастыру.
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Түрлі ырғакты, түрлі музыкалық аспалтарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бүл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Ән айту: Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбыстылуға еліктең отырып ересекпен қосылып ән айтуда талпындыру.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар: Бубенмен, сылдырмакпен, бірқалыпты ырғакты, түрлі бейнелік-ойын қимылдағын бере отырып қимылдар жасау; жаттығулар мен биләрде сүйемелдейтін музыканың қарама-қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдардан басқаларына аудисуға үйрету;</p>

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоксан	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қымыл түрлерін жетілдіру жүру, жүгіру, өрмелу, лактыру, секіру, тепе-тендік сақтау;</p> <p>Бір орында тұрып екі аяқтан секіру, алға қарай ұмтыла екі аяқтан секіртпемен, лентамен еденде 10-20 см қашықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру; 10-15 см биіктен секіру;</p> <p>1) еңбектеу, өрмелу. Кедергілі жазықтың бетімен, еніс тақтайдың үстімен, жол бойымен, әртүрлі заттардың доғанын, орындық, үстел, арқанның астымен нысанана дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу, Ауданы 50 x 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелу;</p> <p>2) лактыру, қағып алу, дәлдеп лактыру. Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденен) нысанана (кеуде тұсынан, төменин, жоғарыдан (қағып алмай), баланың көзінің және кеудесінің тұсынан әртүрлі заттардың астымен 0,5-1,5 м арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату;</p> <p>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауга, қымыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын мәнгерген қымылдарды өз бетінше орындауга ықылас танытуға баулу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін калыптастыру. Суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қымылдарын) қайталатып ойнату.</p> <p>Балаларды зат есімнің көпші түрін қолданауда, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталанауда ынталандыру.</p> <p>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Мереке туралы қуаныш, мақтаныш сезімдері берілген қысқа тақпақтарды жаттау. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрның кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тындау.</p>
	Сенсорика	<p>Тұрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуralарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, тұрлі көлемдегі геометриялық фигуralарды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>
	Коршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың тәлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен

	(аю, қасқыр, коян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауга тәрбиелеу. Жануарлардың сипаттық ерекшеліктерімен таныстыру, дене бөліктегі (танау, қүйрігі, аяктары) ажыратып және атай білу; Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді омірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атау, қорапқа құрылыш болшектерін ұқыптылықпен жинау. Балалармен бірге қарапайым құрылышты құрастыру. Ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеу. Бейнелерді парапетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сыйыктарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
Мұсіндеу	Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да құрделі пішіндерін мұсіндеу, қарапайым және құрделі, пішінді заттарды мұсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мұсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, терендету, кесектерді біріктіру. Мұсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттерінде түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайымәдістерін (ұсақтау, жырту, бұктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау: Жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетуесіз тыңдауды үйрету. Ән айту: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жек екпінін және ырғақты дүрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру және оның кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге сәйкес ойынның бір кезеңінен келесісіне өтүге үйрету.

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Кантар	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттыгулар Негізгі қимыл түрлерін Тепе-тендік тыру сақтау. Жиектері шектелген тұра жолақпен (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, колын жоғары көтеру, тұсу; заттардан (білктігі 10-15 см), шенберден шенберге аттау; төрттагандап тақтаның үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергіден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттау, орнында баяу айналу.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</p> <p>Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау білімін бекіту.</p> <p>Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандаш жүру).</p>
	Сейлеуді дамыту	Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындауға, қарапайым сұраптарға (Кім? Не? Не істейді?) және негұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұраптарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тындау, тұрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажыратада білуді; Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу.
	Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу,
		сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тығдау. Таныс шығармалардың қарапайым мазмұндарын ойнап көрсетуді.
		Таныс өлендерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұраптарға жауап беруді дамыту.
	Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Түстерді ажыратада алу қабілеттерін дамыту. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атап. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Коршаған ортамен таныстыру	Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану.
Құрастыру	Қағазбен жұмыс істеудің бірлескен қарапайым тәсілдерін құру (қио және жырту), қылған кесектерде және жыртылған қағаздарда "бейнені" көрү; Қарапайым құрылышты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыш масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атау, қорапқа құрылыш бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту
Сурет салу	Қағаздың қасиеттерін біледі; қарындашты дұрыс ұстай алады (ұш саусақпен) Бейнелерді парап бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дәнгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Қаламды ұш саусақпен, қатты қыспай ұстаяу, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйікталған дәнгелек сызықтарды қағаз бетінде жөніл жүргізу.
Мүсіндеу	Заттардың ұқсастықтарын таба алудағысын қалыптастыру. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудін техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары болігін саусақпен басып, терендету, кесектерді біріктіру, куыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жұзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бүйімді тұғырға орналастыру жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсактау, жырту, бұктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Дайын сұлбаға элементтерін салып аяқтай алу дағдысын қалыптастыру
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру; Ән айту: Өнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сактау қабілеттерін дамыту

Музыкалық-ырғактық қимылдар: Қол қимылдарын: "шапалақ - шапалақ", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау, денені онға, солға бұру, басты онға, солға ию, қолдарды сермеу, шенбер бойымен жүргүгө үйрету

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпдан.	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жакқа көтеру; қолды кеуде түсында айқастыру және екі жакқа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалактау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұту және ашу.</p> <p>Негізгі қимылдар: Еденде жатқан секіргіштен, лентадан (катарап койылған 2 арқаннан) аттап секіру.</p> <p>Қимылды ойындар Шанамен сырғанау: шанага отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үрету. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үрету (коян сияқты секіру; аю сияқты қорбандал жүру).</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиназ, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерін атаяу. Менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше колдануға ықпал ету. Балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыннатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше колдануға ықпал ету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қараша. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> <p>Мақсаты балалардың танымдық қабілеттерін, білуге құштарлығын, қиялын, зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын дамыту болып табылады.</p>
	Сенсорика	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды негізгі үсі, көлемі, пішіні бойынша ажырату.</p>
	Құрастыру	<p>Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атаяу, қорапқа құрылыш бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.</p> <p>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жаңына қою. Қарапайым құрылышты үлгі бойынша құрастырады.</p> <p>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жаңына қою.</p>

<p>Коршаган ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, озін айнаңдан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.</p> <p>Көлік. Көліктегі, коше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сұлгілерді ауыстырады) үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындал жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу инетін қолдау.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Дәңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді; түстерді ажыратады және оларды дұрыс атайды.</p> <p>Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, күмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.</p>
<p>Мұсіндеу</p>	<p>Мұсіндеудің қаралайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалышықты өздігінен илей алады) қолданады.</p> <p>Ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру (жүзік, кол сағат т.б) мұсіндеу, заттаңдың ұқастықтарын табу.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдап жапсыруға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфте геометриялық фигуralарды, машиналарды, үйлерді, шарларды, гүлдерді орналастырады</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу;</p> <p>Он айту: Әнді тыңдау, мағынасын түсіну, созылынқы дыбысталуға еліктей отырып ересектермен қосылып ән айтуға дағдыландыру.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар: Ұйымдастырылған оку қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; музыкалық-ырғактық қимылдарды: кезекпен аяқты ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шенбер бойымен бір орында, шашыранқы топылдатып журуге үйрету</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бүлшік еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалактау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұгу және ашу.</p> <p>Негізгі қимылдар: Шалқасынан жатқан қалыпта әяқтарын көтеру және тұсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Арқаның бүлшік еттерін және омыртқаның ілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, онға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа енкею.</p> <p>Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жұру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Қазақ халқының мәдениетімен, салт -дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Күйршакты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті үйқұтар алдында тындалатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тындауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тындау. Балалардың жастанына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тындауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тындау.</p>
	Сенсорика	<p>Үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау. Әртүрлі геометриялық фигуralарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша заттарды топтастыру.(төртбұрыш, дөңгелек, ұзын, қысқа, сары, қызыл, жасыл) Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмалар ды орындаиды; заттарды негізгі түсі, көлемі, пішіні бойынша ажыратады. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуralарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигуralарды негізгі түсі, неғұрлым</p>

ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.

Қарапайым құрылышты үлгі бойынша құрастырады.

Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Өз бетінше құрастыру, сәйкес сюжеттік

ойыншықтарды, қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.

Қарапайым құрылышты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыш масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.

Коршаған ортамен таныстыру

Есімін атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден таниды; ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа ересектерді таниды, олардың аттарын атайды; өздері тұратын үйін және пәтерін таниды; заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тәуық, каз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.

Сурет салу

Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді; түстерді ажыратады және оларды дұрыс атайды. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Қағазға, ересектер салған суретті толықтыру. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстауды үйрету.

Мұсіндеу

Мұсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді ұлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады) қолданады. Мұсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді ұлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру. Қуыршаққа арналған әшекейлерді мұсіндеу. Жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.

Жапсыру

Жапсыруға қызығушылықты ояту. Балаларды бейнелерді фланелеграфта қағаз бетіне қойып, қазактың ұлттық ою-өрнектерін т.б. орналастыру. Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, шарларды, ғұлдерді орналастырады.

Музика

Музика тыңдау: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру

Ән айту: Әннің сөздері мен жеке буындарды ересек адаммен бірге айтуға үйрету

Музикалық-ырғактық қимылдар: Әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу; таныс қимылдарды жаңа музикамен сәйкес есте сақтауға, қайталауға үйрету

<p>Аны</p> <p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p> <p>Дене шынықтыру</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындауды, қымыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындаі алады. Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың ағасымен, (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл тоғпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше аусу.</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. . Балалардың сөздік қорын: ойыншиқ, киім, аяқиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың тәлдерінің атауларын, келік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен; еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу -жабу, кио-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (кушақтау, көмектесу), көніл-күйін (куану, кұлу, ренжу) білдіретін етістіктермен; заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Устел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p>
<p>Сенсорика</p>	<p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуналарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигуналарды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. 4-параграф. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Қаралайым құрылышты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыш масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды,</p>

Коршаған ортамен таныстырып	<p>табиғи материалдарды (күм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p> <p>Өсімдіктер мен жануарларға қамкорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, деңе бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лак, бота), андармен (аю, қасқыр, коян) және күстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу.</p>
Сурет салу	<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дәңгелек және толқын тәрізді сыйықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, күмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.</p>
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді ұлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p>
Жапсыру	<p>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) касиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бұктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, доптарды, шарларды, гүлдерді, тағы басқа жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыканың ауыспалы кезендерін тыңдауға, музыканың жай және қатты дыбысталуын ажыратуға дағдыландыру.</p> <p>Ән айту: Ән айтуда жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар: Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпындыру (ересектердің қатысуымен)</p>

Айы Мамыр	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Негізгі қимылдар: Домалату, лактыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтыға нысанада (төмен, жоғары) лактыру; отырып және тұрып, тұрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, онға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа енкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұту және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалактау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұту және ашпаздану. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалактау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұту және ашпаздану.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Күн тәртібіне сәйкес таза ауда болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді ҳарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтап беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып, ойнату.
	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде бала тарға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуда мүмкіндік беру. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты тандауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.
Мамыр	Құрастыру	Қарапайым құрылышты үлгі бойынша, өз бетінше құрастыру, Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.

Қорshaғan ортамен таныстырып	Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сзықтарды қағаз бетінде женіл жүргізу.
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру, куыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу, заттардың үқсастықтарын табу.
Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сзықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Түрлі аспаптарда педагогтің орындауындағы және үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдауға дағылданыру.</p> <p>Өн айту: Педагогтің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды дұрыс айтуға үйрету</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Түрлі аспаптарда педагогтің орындауындағы және үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдау, таныс әндерді қосылып айту, қүрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысуға бағыттау.</p>